




## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

## Негізгі түйіндер

## Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

Қаңтар-желтоқсан айларындағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор серпіні жылдың бірінші жартысында экономиканың құлдырауын көрсетеді және 0,8%-ға өсті.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың ұлғаюына ауыл шаруашылығының, сауданың, құрылыс пен көліктің өсуі себепші болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-желтоқсан	2016ж. Желтоқсан	% -бен		2016ж. қараша 2016ж. желтоқсанға
					2015ж. қаңтар-желтоқсан	2015ж. Желтоқсанға	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2016ж. 9 ай үшін алдын-ала деректер)</b>	млрд. теңге	<b>31 231,3</b>		<b>100,4*</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	18 559,2	1 895,6	98,9	101,8	105,3
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	3 615,8	205,0	105,5	124,6	79,6
4	Құрылыс	млрд. теңге	3 233,6	450,6	107,9	114,3	127,3
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	514,7	49,0	100,5	104,1	104,7
6	Байланыс	млрд. теңге	677,8	59,6	98,0	101,7	102,2
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд. теңге	7 661,9	920,8	100,9	106,4	136,0
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	7 718,8	1 119,7	105,1	107,8	131,6
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			114,6	108,5	100,9
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		5,0			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	140,7	151,8	111,8	104,6	106,8
12	Нақты жалақы индексі**	%				96,4	105,8

\* - Деректер 2016ж. 9 ай үшін көрсетілген

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-қараша	2016ж. Қараша	% -бен		2016ж. қараша %-бен 2016ж. Қазанға
					2015ж. қаңтар-қарашаға	2015ж. Қарашаға	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	55,3	6,0	78,6	117,2	114,6
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	32,8	3,7	77,8	128,8	130,6
1.2.	- импорт	млрд. долл.	22,6	2,4	79,9	102,9	96,3
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс**	мың теңге	806,7	74,6	109,8	102,3	100,8

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-желтоқсанда өңдеу саласында, ауыл шаруашылығында, құрылыста, бөлшек саудада, көлікте және негізгі капиталға инвестициялар өсудің жалғасуы байқалды. Сонымен қатар, өндіріс көлемінің азаюы тау-кен өнеркәсібінде, байланыс саласында, сыртқы сауда айналымында байқалды.

## Оң үдерістер

т/б №	2016ж. қаңтар-желтоқсан %-бен 2015ж. қаңтар-желтоқсанға	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-қараша %-бен 2015ж. қаңтар-қарашаға
1. ІЖӨ (2016ж. 9 ай үшін алдын-ала деректер)	100,4*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу, сонымен қатар өнімге салықтардың өсуі*	
2. Өңдеу саласы	100,7	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100,5
3. Ауылшаруашылығы	105,5	өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	104,5
4. Құрылыс	107,9	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	107,5
5. Көлік (жүк айналымы)	100,5	автомобиль және темір жол көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100,1
6. Негізгі капиталға инвестициялар	105,1	ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және жылжымайтын мүлікпен операциялардағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	104,7
7. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	100,9	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	100,5

\* - Деректер 2016ж. 9 ай үшін көрсетілген

## Теріс өзгерістер

т/б №	2016ж. қаңтар-желтоқсан %-бен 2015ж. қаңтар-желтоқсанға	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-қараша %-бен 2015ж. қаңтар-қарашаға
8. Өнеркәсіп	98,9	тау-кен саласындағы өндіріс көлемінің қысқаруы	98,6
8-1. Тау-кен өндіру саласы	97,3	өңделмеген мұнай, темір кенін, көмір мен лигнитті өндірудің төмендеуі	96,9
9. Байланыс	98,0	мобильді байланыстан, қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	97,7
10. Инфляция	114,6	тауарлар мен қызметтердің барлық топтарындағы бағалардың өсуі	115,2
11. Сыртқы сауда айналымы*	78,6	экспорттың, сол сияқты импорттың төмендеуі	75,6
11-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	77,8	минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің төмендеуі	74,1
11-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	79,9	барлық негізгі тауар топтары импортының төмендеуі	77,8

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2015ж. қаңтар-қарашаға 2016ж. қаңтар-қараша үшін %-бен сол жақ бағанда, ал 2015ж. қаңтар-қазанына 2016ж. қаңтар-қазан үшін %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



## Ішкі жалпы өнім


## 1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

## ІЖӨ 0,4%-ға өсті

2016ж. 9 ай үшін ІЖӨ 2015 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,4%-ға ұлғайып, 31,2 трлн. теңге болды.

ІЖӨ құрамындағы тауарлар мен қызметтер өндірісі тиісінше, 0,2% бен 0,4%-ға өсті. Өнімге салықтар 1,6%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлестері тиісінше, 36,6% және 56,7% болды.




2016ж. 9 ай үшін құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік салалары және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты. Сауда және тау-кен өндіру саласындағы төмендеу есебінен болған өнеркәсіптің жалпы көлемдерінің қысқаруы теріс әсер етті.

## 1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2016 ж. 9 ай ішінде ІЖӨ нақты көрсеткіште 0,3%-ға азайып, 29,9 трлн.теңгені құрады.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,4%-ға өсті, жалпы жинақтау 1,3%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 5,2%-ға, импорт 2,1%-ға төмендеді.




## 1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы болып отыр

2016ж. 9 ай үшін ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу).

2016ж. 9 ай үшін Өзбайжан, Беларусь пен Ресейде ІЖӨ тиісінше, 3,9%, 2,9% және 0,7%-ға төмендеді.



\* - Молдова бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 3 тоқ. үшін көрсетілген

\*\* - Украина бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 3 тоқ. үшін көрсетілген



## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**

2016 жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың бағасы әлемдік тауар биржаларында 43,4%-ға өсіп, 2016ж. желтоқсанда, бір баррель үшін 54,1\$ құрады\*. 2016ж. қаңтар-желтоқсанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2015 жылдың сәйкес кезеңіне 15,9%-ға төмендеп, 44\$ құрады.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіру құрайды, 2016ж. желтоқсанда оның үлесі 38,6% болды.

2016ж. қаңтар-желтоқсанда өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемдері 1,8%-ға төмендеп, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 1,4%-ға азайды.


Нәтижесінде өнеркәсіп 2016 жылғы 12 айдың ішінде 1,1%-ға қысқарды\*\*.

Сонымен бірге, ақшалай көрсеткіште өнеркәсіп көлемі 26,8%-ға өсті, бұл есу теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуіне себепші болды.

\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*- <http://stat.gov.kz>: 2016ж. қаңтар-қарашадағы өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

\*\*\*-ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-қарашада ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 49,8% болды). Қытайға (11,7%) және Ресейге (9,5%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 3 тоқ. ЕО ІЖӨ (28) 1,8%-ға, Қытайда ІЖӨ 6,7% өсті, ал Ресейде 0,4%-ға төмендеді.


**Сыртқы сауда айналымы****2016ж. қаңтар-қараша**

2016ж. қаңтар-қарашада сыртқы сауда айналымы 21,4%-ға төмендеді (экспорт 22,2%-ға, импорт - 20,1%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 65%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (37,4%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың қысқаруы мынадай тауарлар топтарының төмендеуіне байланысты: минералды өнімдер - 29,4%-ға, химиялық өнеркәсіптің өнімдері - 18,9%-ға, жануар және өсімдік тектес өнімдер - 0,4% және басқа да өнімдер - 10,4%-ға.


Барлық негізгі тауарлар топтары бойынша импорт қысқарды. Импорттың қысқаруына барынша елеулі үлесті 25,7%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 2,9 млрд. \$ мөлшерде төмендеген машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу\***

2016ж. желтоқсанның аяғында жыл басымен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 1,5%-ға ұлғайып, 12,9 трлн. теңге болды.

2016ж. желтоқсанда өткен айлармен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 0,1%-ға ұлғайды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу өнеркәсібінде (21,9%-ға), байланыста (7,9%-ға) мен саудада (5,1%-ға) байқалды.



\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет

\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша



## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ


## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп

## 2016 жыл бойы төмендеу


2016ж. қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,1%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-қарашада - 1,4%-ға азаю).

Бұл тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің төмендеуіне себепші болды.



## Тау-кен өндіру - төмендеу қарқынының баяулауы

2016ж. қаңтар-желтоқсанда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2,7%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-қарашада - 3,1%-ға төмендеу). Мұнай (1,8%), көмір және лигнит (4,9%) және темір кендерін (12,9%) өндіру төмендеді. Бұл ретте табиғи газ (4,8%-ға) және түсті металл кендерін (7,8%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.




## Өңдеу - шамалы өсуі байқалды

2016ж. қаңтар-желтоқсанда салада өндіріс көлемдері 0,7%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-қарашада - 0,5%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 6,6%-ға (үлесі - 41,6%) ұлғайды, оның ішінде негізгі асыл және түсті металлдар өндірудің өсуі 8,5%-ды құрады.

Азық-түлік өнімдеріндегі өндіріс көлемдері 3,9%-ға өсті (үлесі - 16,3%). Өсуіне негізгі үлесті: балғын, тоңазытылған балық (11,4%), тазартылған өсімдік майы (12,1%), өңделген, сұйық сүт және қаймақ (10,2%), дәнді дақылдардан жасалған ұн (7,8%) енгізді.




## 2.2. Құрылыс

## Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-желтоқсанда құрылыс жұмыстарының көлемдері 7,9%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қарашада - 7,5%-ға өсу). Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 10,9%-ға ұлғайды (үлесі - 90,9%).


Құрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі тиісінше, 15,4%-ға және 13,7%-ға төмендеді.



**2.3. Ауылшаруашылығы****Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім көлемдері есуінің жалғасуы**


2016ж. қаңтар-желтоқсанда ауылшаруашылығы 5,5%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қарашада - 4,5%-ға есу).

Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнімдердің көлемі тиісінше, 7,8%-ға (үлесі - 55,2%) және 2,7%-ға (үлесі - 44,6%) ұлғайды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек сауда көлемдері қатарынан үшінші айда өсуде.**


2016ж. қаңтар-желтоқсанда бөлшек тауар айналымының көлемдері 0,9%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қарашада - 0,5%-ға есу).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемі 3,4%-ға өсті (үлесі - 53,8%), дара кәсіпкерлердің тауарларды сату көлемі 2,9%-ға (үлесі - 46,2%) азайды.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Өлсіз өсу жалғасуда**


2016ж. қаңтар-желтоқсанда жүк айналымының көлемі 0,5%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-қарашада - 0,1%-ға есу).

Өсуге автомобиль көлігіндегі 3,4%-ға (үлесі - 32,6%) және темір жол 9,1%-ға (үлесі - 45,5%) жүк айналымының ұлғаюуы себепші болды.

**2.6. Байланыс****2016 жыл бойы төмендеу**

2016ж. қаңтар-желтоқсанда байланыс қызметінің көлемі 2%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-қарашада - 2,3%-ға төмендеу).

Төмендеуге мобильді байланыстан түскен кірістердің 10,1%-ға (үлесі - 33%) және қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің 20,6%-ға (үлесі - 5,0%) азаюуы себепші болды.





### 3. Инфляция


#### 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

##### Жылдық инфляцияның баяулауы

2016ж. қаңтар-желтоқсанда инфляция 14,6%-ды құрады (2016ж. қаңтар-қарашада - 15,2%), бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды.

Айлық инфляция 0,9%-ды құрады (2016ж. қарашада - 1,2%).

Жылдық инфляция жоғары базаның әсері және теңгенің айырбастау бағамының тұрақтануы есебінен 8,5%-ға дейін баяулады (2016ж. қарашада - 8,7%-ға өсу).



### 4. Инвестициялар

#### 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

##### Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі

2016ж. қаңтар-желтоқсанда инвестициялар 5,1%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-қарашада - 4,7%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырудың 15%-ға (үлесі - 60,7%) ұлғаюы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті өнеркәсіп (5,6%-ға өсу), ауыл шаруашылығы (46,7%-ға өсу), қарьерлерді өңдеу (14,8%-ға өсу), жылжымайтын мүлікпен операциялар (13,7%-ға өсу) енгізді.




### 5. Еңбек нарығы

#### 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

##### Халықтың жұмыспен қамтылуының және жұмыссыздығының төмендеуі

2016ж. желтоқсанда 2015ж. желтоқсанмен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,2%-ға және жұмыссыздар саны 1,8%-ға қысқарды.

Жұмыссыздық 5,0%\* болды.




#### 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

##### Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі жалғасуда

2016ж. қаңтар-желтоқсанда орташа айлық номиналды жалақы 11,8%-ға өсті.

Нақты жалақы 2015ж. желтоқсанға қарағанда 3,6%-ға төмендеуді көрсетті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. қарашада 5,9%-ға төмендеуді көрсетті.



\* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері